# Алғашқы оқырманымыз - Айша




**Кітапхана - мәртебесі биік киелі шаңырақ. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады.**

Арқалық қаласындағы №2 ОӘҒК балалар әдебиеті бөлімі 2021 жылдың алғашқы жұмыс күнінде алғашқы оқырманды қабылдады. «Бірінші оқырман» деген атаққа Кейкі батыр атындағы №4 жалпы орта білім беретін мектебінің 1 «Г» сынып оқушысы Айша Еламан ие болды. Айшаның математика мен ертегілер әлеміне деген қызығушылығы ерекше екені байқалады. Оқырманның кітапқа деген құмарлығына қарап, болашаққа көп үміт пен сенім артқың келеді. Сондықтан кітаппен дос бол. Әлемді жайлаған пандемия салдарынан тұрғындардың қауіпсіздігі үшін кітапхана біраз уақыттан бері өз оқырмандарына онлайн түрде қызмет көрсетіп келді. Келген жаңа жыл елімізге тыныштық пен берекесін ала келсін дей келе, оқырмандарға кітапхана есігі әрдайым ашық. Балаларға арналған қызықты ертегілер мен сабақтар көргілеріңіз келсе, кішкентай оқырмандарымызды онлайн ертегілер еліне саяхатқа шақырамыз @ark.avt

Кітапхана – оқырманның рухани талап – тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады. Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. «Кітап біздің ең соңғы досымыз, олар бізді алдамайды, сондай – ақ үнемі жанымнан табылады» – деген екен Эмиль Фагэ. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана. Сондықтан, кітаппен дос болайық баршамыз.

**Аружан НҰРСӘБИ,**
**балалар әдебиеті бөлімінің**